


Келісілді  
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК  
әдіскері  
 Байгонова А.Х.

Бекітемін  
«Ертөстік» балабақшасы МКҚК  
менгерушісі  
 Ержанова Т.М.  
«02» 09 2024ж.

**2024-2025 оқу жылына арналған  
қазақ тілі пәні бойынша перспективалық жоспары  
(мектепалды жас)**

**Перспективный план по казахскому языку  
на 2024-2025 учебный год  
(предшкольный возраст)**

**2024-2025 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Ертөстік» балабақшасы» МКҚК

**Топ:** мектепалды даярлық

**Балалардың жасы:** 5 жастан

**Қазақ тілі мұғалімі:** Абдульманова Айтжамал Туякбаевна

Ұйымдас- тырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Қолданылатын ойындар	Сөздік минимум	Мерзімі
	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p align="center"><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Жемістер, көкөністер, және табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Заттардың санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p><b>Ойын «Жыл мезгілі?»</b> <i>Мақсаты.</i> қай жыл мезгілі екенін дұрыс тауып , ерекшеліктерін атайды. Мезгіл өзгерістерін талқылайды. Суреттерді дұрыс сәйкестіреді.</p> <p><b>Ойын « Дәміне қарай ажырат»</b> <i>Мақсаты.</i> Жемістердің, көкөністердің дәмін татып ажыратуға үйрету. Дәмді, тәтті, ащы екенін айтады.</p> <p><b>Ойын «Көкөністер мен жемістер»</b> <i>Мақсаты.</i> Қолына алады, пішінін, дәмін, түсін, қолдануын айтады. Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айтады. Сызба бойынша сипаттайды.</p> <p><b>Ойын «Жеміс пе, көкөніс пе?»</b> <i>Мақсаты.</i> себеттегі заттарды ажыратады және сипаттайды, санын айтады. Қайда? (бақ пен бақшада) өсетінін анықтау. Қосымша пайдалану түрлерін ойластырады</p>	<p>алма, банан, шие, өрік, алмұрт, қарбыз, қауын, алхоры, жеміс, көкөніс, қияр, қызанақ, қызылша, қартоп, пияз, сәбіз, қырықабат, қарақат, таңқурай, күлпынай, күз, жаңбыр, жел, суық, бұлт</p>	<p><b>Қыркүйек</b></p>

	<p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p><b>Ойын «Сиқырлы қапшық»</b> <i>Мақсаты.</i> Көкөністерді жемістерден ажырата білу керектігін түсінеді. Қолына алады, пішінін, дәмін, түсін, қолдануын айтады. Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айту. Ұ, Қ, Ө, Ә дыбыстарын дұрыс айтып жаттығады.</p>		
	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыстар бар сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше ә, і, ң дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қоры</b> Зат атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелері, сандар туралы білімдерін кеңейту. Күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен іс-әрекетті білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу:</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым жауап беруге үйрету, диалогқа қатысу. Өзіңіз туралы (Аты, Тегі, жасы), айту қабілетін қалыптастыру. Отбасы, айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе? Сау болыңыз! Рахмет!). Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p><b>Ойын «Отбасы»</b> <i>Мақсаты.</i> Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын «Портрет жаса»</b> <i>Мақсаты.</i> Адамның дене (бет) мүшелерін пайдалана отырып, балаларды сипаттау бойынша бейнені сомдауға үйрету. Адамның бет құрылымы туралы білімін бекіту. Эстетикалық сезімге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын «Кім жоқ</b> <b>Үйде нешеу екенбіз?</b> <b>Кел санайық екеуміз.»</b> <i>Мақсаты.</i> Отбасында неше адам санайды, айтады. Санамақты жаттайды. Әр бала отбасында неше адам бар екенін айтуға үйренеді.</p> <p><b>Ойын «Мен ... жақсы көремін»</b> <i>Мақсаты.</i> Балалар пиктограмма арқылы отбасын, отбасы мүшелерін жақсы көретіндіктерін айтады. Мысалы: Мен атамды (әжемді, анамды, әкемді, ...) жақсы көремін. Біз отбасымызды жақсы көреміз.</p>	<p>Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, қарындас, әпке, сіңлі, мен, сен, ол, біз, сіз, олар, бір, екі,</p>	<p><b>қазан</b></p>

	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ә, ө, қ, ұ, ұ, и, ғ, ң, һ.</p> <p>Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b> таныс сөздерді балабақша, ойыншықтар атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p><b>Ойын «Кестемен құрастыр»</b> <i>Мақсаты.</i> Балабақша жайлы сызба бойынша әңгімелейді. Ойнаймын, оқимын, тамақ ішемін, ұйықтаймын балабақша өмірімен таныстырады..</p> <p><b>Ойын «Суреттеу бойынша тап»</b> <i>Мақсаты.</i> Ойыншықтарды суреттеу бойынша анықтау. Мынау не? Мынау қандай? сұрақтарына дұрыс жауап айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Ойын «Қай ойыншық тығулы тұр?»</b> <i>Мақсаты.</i> Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға ойыншықтардың көп суреттері беріледі. 1 мин ішінде балалар мұқият қарайды, уақыт өткеннен соң балалар көздерін жұмады, педагог бір немесе бірнеше суретті алып тастайды. 1,2,3 дегенде балалар көздерін ашып қай ойыншық жетпей тұрғанын айтады.</p> <p><b>Ойын «Жалғастыр, сипатта»</b> <i>Мақсаты.</i> Кез келген ойыншықты таңдап, сипаттайды. Ойыншық не үшін керек екенін айтады. <i>Мысалы:</i> Мынау- доп. Доп- дөңгелек. Мен доппен ойнаймын.</p>	<p>Балабақша, үй, есік, терезе , ән айтамыз, билейік, Доп, текше, қонжық, қуыршақ, асық, секіртпе, шелек, күрек, бесік арба (коляска)</p>	<p><b>қараша</b></p>
--	--	--	---	----------------------

	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b> Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ,ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Табиғат, киім, түстер, дене мүшелері тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.</p>	<p><b>Ойын «Ұсыныс жаса»</b> <i>Мақсаты.</i> үйлесімді сөйлеуді дамыту, жалпы сөйлемді дұрыс құра білу. Ойын ережесі: мұғалім сөзді атайды (қыс) ... балалар берілген сөзбен сөйлем ойлап табады.</p> <p><b>Ойын «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»</b> <i>Мақсаты.</i> Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.</p> <p><b>Ойын «Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік»</b> <i>Мақсаты.</i> Киімдерді шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету. Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақты бөлмеге алып кіріп «Қуыршақ серуеннен келді, қазір ол шешінеді» дейді. Балалар тәрбиешімен бірге қуыршаққа дұрыс шешінуге үйретеді.</p> <p><b>Ойын «Не үшін керек?»</b> <i>Мақсаты.</i> дене мүшелерінің қазақша атауын біліп, оларды атқаратын қызметін айтады. Көз көру үшін, құлақ есту үшін, мұрын демалу үшін, аяқ жүру үшін.</p> <p><b>Ойын «Ұсыныс жаса»</b> <i>Мақсаты.</i> үйлесімді сөйлеуді дамыту, жалпы сөйлемді дұрыс құра білу. Ойын ережесі: мұғалім сөзді атайды (қыс) ... балалар берілген сөзбен сөйлем ойлап табады.</p>	<p>Қыс, мұз, шана, аққала, қатты, жер, ауа, қар, жел, суық Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл, қоңыр. Оң, сол, жоғары, төмен, үстінде, астында, қасында, артында, жанында. Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір, ішкіім, малақай, қалпақ, тон, қолғап, етік, пима, шәлі</p>	<p><b>желтоқсан</b></p>
--	---	--	--	-------------------------

	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b> Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтып, есте сақтай білуге үйрету, осы сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды айту: ң, һ дыбыстары Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және анық дикцияны дамыту.</p> <p><b>Сөздік қоры</b> Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; «Үй жануарлары» мен «Дала жануарлары» тақырыбында түсінігін кеңейту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. Мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету.</p>	<p><b>Ойын «Мекенін тап»</b> <i>Мақсаты.</i> Аңдардың түр түстеріне көңіл аударып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Аңдарды суреттегі мекен жайларына дұрыс орналастыруға үйрету. Аңдарды ажырата алу.</p> <p><b>Ойын «Құйрығын тап»</b> <i>Мақсаты.</i> Қоршаған ортадағы аңдарды аялауға және меірімді болуға тәрбиелеу. Олардың тыныс тіршілігімен таныстыру. Көлеміне қарай салыстыра білуді жетілдіру. Бірлесіп жұмыс істей білу. Баланың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Ойын «Төлдерін тап»</b> <i>Мақсаты:</i> Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру және төлдерін дұрыс атай білуге, төрт түлікті күтіп бағуға, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Балаларға төрт түлік малдың өрісімен, тіршілік тағибатпен, малдың қадір қасиетімен таныстыру.</p> <p><b>Ойын « Аңдардың азығы »</b> <i>Мақсаты.</i> Сөздердің мағынасын түсінеді, сөйлем құрастырады. Сөзтіркестер құрастырады Түрлі азық түрлерін ұсынады. Өздері сұрақ қоя біледі Топпен және жұппен жұмыс жасайды.</p>	<p>Үй жануарлары: Қозы, қой, лақ, ешкі, сиыр бұзау, жылқы, құлын, мысық, марғау, ит, күшік, Жабайы аңдар: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі</p>	<p><b>қантар</b></p>
	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b> Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, і, қ, ғ, ң, һ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық</p>	<p><b>Ойын «Құстарды ата»</b> <i>Мақсаты.</i> Үй құстарды атап, қайда тұрады, қандай пайдасы бар, не береді туралы әңгімелеу. Мысалы. Мынау- тауық. Тауық жем , құрт құмырсқа жейді, су ішеді, ет, жұмыртқа, мамық береді. Қорады тұрады. <b>Ойын « Дұрыс топтастыр»</b></p>	<p>Үй құстары: тауық, әтеш, балапан, қаз, үйрек Дала құстары: аққу, қарлығаш,</p>	<p><b>ақпан</b></p>

	<p>аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b>  <b>«Үй құстары», «Дала құстары», «Сандар»</b> тақырыбында түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, такпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b>  Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету</p>	<p><b>Мақсаты.</b> Суреттерді дұрыс топтастыру. Құстар немен көректенеді, не береді екі ұяшыққа бөліп салу. Жем, құрт- құмырсқа, су бір ұяшыққа, жұмыртқа, ет, мамық екінші ұяшыққа орналастыру.</p> <p><b>Ойын «Дұрыс па әлде бұрыс па»</b>  <b>Мақсаты.</b> Сызбадағы дала құстарды ажыратып, аттарын айту.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құстар ұяны не үшін салады?</li> <li>- Құстарда не бар (бас, қанат, тұмсық, аяқ, құйрық)</li> <li>- Дала құстардың пайдасы қандай?</li> <li>- Немен көректенеді?</li> <li>- Қандай тыйым сөздер білесіңдер?</li> </ul> <p><b>Ойын «Сөйлемді аяқта»</b>  <b>Мақсаты.</b> Ойыншы сөйлемнің басын бастайды, сонын ойыншылар аяқтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құстар ұша алады, өйткені ...</li> <li>- Құстар қоректенеді ...</li> <li>- Көктемде қайтқан құстар ...</li> <li>- Аяздан қорықпайды ...</li> <li>- Құстар қорғайды ...</li> <li>- Құстар бір–біріне ұқсайды, ....</li> </ul>	<p>торғай, қарға, сауысқан, көгершін, 1-5, бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жем, мамық, құрт- құмырсқа, үйшік</p>	
	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b>  Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө, қ, ү, ұ. бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b>  <b>Бізді қоршаған орта «Наурыз» мерекесі, тағамдар, ұлттық тағамдар</b></p>	<p><b>Ойын «Қош келдің, Наурызым!»</b>  <b>Мақсаты.</b> Сызба бойынша Наурыз мерекесі туралы әңгімелеп беру. Киіз үйдің ішіне қойылатын заттарды дұрыс көрсету. Наурыз мерекесіне қатысты суреттерді дұрыс көрсетіп, атау.</p> <p><b>Ойын «Ас мәзірі»</b>  <b>Мақсаты.</b> Тағам түрлерін атап, таңғы асқа, түскі асқа және кешкі асқа не әзірлегендерін айту. Суреттерді көрсетіп атау және үш мезгілге</p>	<p>Нан, бауырсақ, шай, май, ірімшік, сүт, қаймақ, айран, жұмыртқа, су, сусын, сорпа, ботқа, дәмдә, ащы, тұз, тәтті, қант, ет, балық, ас болсын,</p>	<p><b>наурыз</b></p>

	<p>тақырыбы туралы түсінігін кеңейту. Тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерді таныстыру</p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді сөз тіркестері мен сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды жаттықтыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету; шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.</p>	<p>дайындаған тағам түрлерін топтастыру.</p> <p><b>Ойын «Нан қалай жасалады?»</b></p> <p><i>Мақсаты.</i> Сурет арқылы нанның құрамына қосатын тағамдарды атап көрсету.</p> <p><b>Ойын «Кім жылдам?»</b></p> <p><i>Мақсаты.</i> Тағамдарды үш топқа бөледі. Қандай тағам түрлерін білетінін айтады. Бұл заттардан қандай тағам түрлерін дайындауға болатынын айтады.</p> <p>Ет тағамдары Сүт тағамдары Ұн тағамдары топтастырады.</p>		
	<p><b>Дыбыстық сөйлеу мәдениеті</b></p> <p>қ, ғ дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы дыбыс бар сөздерді қолдануға үйрету; Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза, анық сөйлеуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қоры</b></p> <p>Күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту</p>	<p><b>Ойын «Жер, су, әуе»</b></p> <p><i>Мақсаты.</i> Балаларға көлік түрлері көрсетіледі, ал олар оны классификациясын карточка арқылы көрсетеді.</p> <p><b>Ойын «Ұшамыз, жүземіз, барамыз»</b></p> <p><i>Мақсаты.</i> Көліктің әр-түрлі түрлерін ажыратып айту. Көліктердің ауа, су, жерасты топтарына бөлінетіні туралы түсінік беру. Машинаның құрылысы (машиналар жерде жүреді, тікұшақтар ұшу, ал</p>	<p>Автокөлік, ұшақ, тікұшақ, пойыз, велосипед, самокат, жүргіншілер жолы, бағдаршам. Мамандықтар иесі: дәрігер,</p>	<p><b>сәуір</b></p>

	<p>және түсіну дағдыларын қалыптастыру; <b>Көліктер, мамандықтар</b> тақырыбына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс айтқызып үйрету.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.</p>	<p>кемелер жүзу үшін) оның қолданыста қолдануына байланысты екендігін айту. Көлік жұмысшыларының еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын «Кім не істейді?»</b> <i>Мақсаты:</i> балаларға есімдерді дұрыс атауға үйрету, мамандықтардың атауларын бекіту.</p> <p><b>Ойын «Жоғалған құралдар»</b> <i>Мақсаты.</i> Қай мамандықтың заты екенін дұрыс тауып атайды. Сурет бойынша ойланып, дұрыс жауабын табады. Қосымша қажетті заттарды атайды</p>	<p>тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, жүргізуші, өрт сөндіруші, құрылысшы, тәртіп сақшысы</p>	
	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдай білуге үйрету, оларды дұрыс айту және есте сақтау, дұрыс айту. Қазақ тілінің ерекше дыбыстары: ә, ө бойынша жұмысты жалғастыру артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор</b> <b>Сөздік қор:</b> таныс сөздерді , <b>іс қимылды сөздер, жиһаз, ыдыстар</b> атаулары күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерді қолдануға дағдыландыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуге және қолдануға үйрету;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен</p>	<p><b>Ойын «Не жоқ?»</b> <i>Мақсаты.</i> Суреттегі заттарды атайды, қандай зат жоқ екенін мұқият қарап тауып айтады. Есте сақтау, көру қабілеті дамиды. Жиһаздардың атауларын атайды.</p> <p><b>Ойын «Үйдегі жиһаздар»</b> <i>Мақсаты.</i> Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк, төрт аяғы бар) үйрету: Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру. Жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын «Ас бөлмесінде»</b> <i>Мақсаты.</i> Бөлме бейнесінің суретін көрсетеді. Ыдыс аяқ дүкеніне барып, ас бөлмесіне керек ыдыстарды атап ,сатып алу. Балаларға ойлануға ұсыныс жасау.</p> <p><b>Ойын «Дастарханға достарымызды шақырамыз»</b></p>	<p>Үстел, орыедық, төсек Ыдыс: кесе, тәрелке, қасық, шанышқы, шәйнек</p>	<p><b>мамыр</b></p>

	жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету.	Шарты: Берілген (саламын, құямын немесе саламыз, құямыз ) осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрау. Әр топқа 3 суреттегі дастархандағы әр ыдыстың атын атап сөйлем құрау. Дастарханда тұратын ыдыстарды атау және олар не үшін керек айту.		
--	---	--	--	--